



ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕР!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультеті 1989 жылдан бастап шығыс елдерінің тілін, мәдениеті мен салт-санасын, саяси ұстанымдарын, ұлттық құндылықтарын, философиялық ой-толғамдарын жетік меңгеріп, іштей сезіне білетін көптеген білікті мамандарды дайындап шығарды.

Қазіргі таңда көк туы биікте желбіреген тәуелсіз еліміздің шығыс елдерімен дипломатиялық, саяси-экономикалық, сауда-саттық, мәдени һәм әдеби байланыстары жаңа қарқынмен күн сайын даму үстінде. Бұл байланыстар еліміздің экономикалық және технологиялық өркендеуіне зор септігін тигізе алады. Ғылымы мен білімі дамыған Қытай, Жапон, Корея, Үндістан, Араб елдерінің тілін, салт-санасын, мәдениеті мен әдебиетін меңгерудің маңызы артып отыр. Және осы орайда шығыс тілдерін жетік меңгерген жан-жақты білікті маманға деген сұраныстың артып отырғаны ақиқат. Шығыс елдерінің тілін, мәдениеті, тарихы мен саясатын, философиялық ой-толғамдарын жете түсіну, шындап келгенде тек қоғамға ғана пайдасын әкеліп қоймай, Сізге де рухани һәм материалдық тұрғыдан бай-дәулетті болуға зор мүмкіндік береді.

Уа, жас талапкер! Егер Сіз ата-анама, туған-туыс, жора-жолдасқа, еліме, жеріме пайдалы болуды мақсат етемін, бай-дәулетті болып өмір сүруді қалаймын десеңіз бізге келіңіз. Алға қойған мақсатыңызға жетуге ең алдымен өзіңіз нақты қадам жасаңыз. Көмектесу, бағыт-бағдар беру бізден болсын! Шығыстану факультетінің ұжымы Сіздің ата-ананың үмітін ақтайтын, еліміздің асыл азаматтарының бірі болуыңызды шын жүректен тілейді.

*Таңдауыңыз өз еркіңізде болсын!
Сізге тек сәттілік тілеймін!*



**ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ
ПАЛТӨРЕ ҮҚТИЯР
МОЛДАТӨРЕҰЛЫ**
PhD



Instagram

yktiyar_p



ТҮЛЕКТЕР ҚАЙДА ЖҰМЫС ІСТЕЙ АЛАДЫ...

Шығыстану факультеті – шығыс елдерінің тілі мен әдебиетін, тарихы мен саясатын, діні мен мәдениетін, философиясы мен этнографиясын меңгерген жан-жақты білікті мамандар дайындайтын Қазақстандағы ең ірі базалық оқу орны.

Университет қабырғасында шығыс (атап айтқанда араб) тілдерін оқыту ХХ ғ. 70-жылдарынан бастау алады. 1989 ж. Азия және Африка елдері тарихы кафедрасы мен араб тілі кафедрасының негізінде ашылған шығыстану факультетінің бүгінде шығыс елдері бойынша кадр дайындау ісінде 40 -жылдық тарихы бар.

Факультетте шығыс елдерінің әлемде ең кең тараған сегіз тілі оқытылады. Олар – араб, парсы, қытай, корей, жапон, түрік, хинди және урду тілдері. Сонымен бірге 2 батыс тілі – ағылшын және француз тілдерін де жетік меңгеру мүмкіндігі бар. Мұнымен қатар елтану пәндері – шығыс елдерінің тарихы, мәдениеті, әдебиеті, діні, ішкі және сыртқы саясаты оқытылады.

Факультет түлектері:

- Шетелдегі Қазақстан Республикасының Елшіліктерінде;
- Қазақстандағы шығыс елдерінің Елшіліктерінде;
- Ғылыми зерттеу орталықтарында;
- ҚР ғылыми кітапханасы;
- Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану Институты;
- Білім беру мекемелерінде;
- Мемлекеттік қызмет пен бизнес құрылымдары;
- ҚР СІМ, ІІМ, ҰҚК-де;
- Ірі халықаралық үкіметтік емес ұйымдар мен компанияларда;
- Аударма агенттіктерінде;
- Түрлі бағыттағы фирмаларда;
- Білім беру орталықтары, музей, архив және т.б. қызмет атқара алады.



БІЗДІҢ МАҚТАНЫШ – ТҮЛЕКТЕРІМІЗ!



Шахрат Нұрышев
Қазақстан Республикасы
Сыртқы Істер министрінің
бірінші орынбасары



Ерлан Алимбаев
Қазақстан Республикасының
Сыртқы Істер министрінің
орынбасары



Ғабит Қойшыбаев
Қазақстан Республикасының
Қытай Халық Республикасындағы
Төтенше және Өкілетті елшісі



Лама Шариф
Қазақстан Республикасының
Мысыр Араб Республикасындағы
Төтенше және өкілетті елшісі



Құрмансейіт Батырхан
Қазақстан Республикасының
Сыртқы Істер Министрлігінде Ерекше тапсырмалар
жөніндегі Елшісі,
Шығыстану факультетінің Түлектер
қауымдастығының Төрағасы.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАЛАМАЛАРЫ

Бакалавриат бойынша білім беру бағдарламалар тобы:

В035 – Шығыстану білім беру бағдарламасы:

— Шығыстану

В036 – Аударма ісі білім беру бағдарламалар тобы:

— Аударма ісі (шығыс тілдері)
— Шетел филологиясы (шығыс тілдері)

В03103 – Аймақтану білім беру бағдарламасы:

— Аймақтану

Магистратура бойынша білім беру бағдарламалар тобы:

М055 – Шығыстану білім беру бағдарламалар тобы:

— Шығыстану

М056 – Аударма ісі, синхронды аударма білім беру бағдарламалар тобы:

— Аударма ісі (шығыс тілдері)

М059 – Шетел филологиясы білім беру бағдарламалар тобы:

— Шетел филологиясы (шығыс тілдері)

7М03115 – Аймақтану білім беру бағдарламасы:

— Аймақтану

Докторантура бойынша білім беру бағдарламалар тобы:

Д055 – Шығыстану білім беру бағдарламалар тобы:

— Шығыстану

Д056 – Аударма ісі, синхронды аударма білім беру бағдарламалар тобы:

— Аударма ісі (шығыс тілдері)

Д059 – Шетел филологиясы білім беру бағдарламалар тобы:

— Шетел филологиясы (шығыс тілдері)



БАКАЛАВРИАТ ЖӘНЕ МАГИСТРАТУРА

В035, 6В03103, 7М03115, М055 - Аймақтану және Шығыстану білім беру бағдарламасы:

Шығыстану

Шығыс елдеріндегі қазіргі саяси үрдістерді саралап, талдау; ҚР халықаралық қатынастары бойынша кеңес және ұсыныс жасау; әлемдік саяси аренада болып жатқан үрдістер мен құбылыстарға мүмкіндігінше сараптама жасау; Шығыс елдерінде дипломатиялық миссия қызметін атқару; Шығыс елдері тарихы, тілі, әдебиеті мен мәдениеті саласында оқытушылықпен айналысып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, аударма қызметі.

Аймақтану

Мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік билік пен басқару органдарында; академиялық және мекемелік ғылыми-зерттеу ұйымдарында; Сыртқы істер министрлігінің аппаратында; сыртқы байланыс органдарында; Отандық және шетелдік бизнес-құрылымдарда; Халықаралық байланыстары бар және халықаралық түрлі мәселелермен айналысатын бейкоммерциялық және қоғамдық ұйымдарда; халықаралық деңгейде жоғарғы және орта кәсіби білім беретін құрылымдардың мекемелерінде.

В036, М036 - Аударма ісі білім беру бағдарламасы:

Аударма ісі

Аударманың түрлері (ауызша, жазбаша, көркем аударма, техникалық, әскери, ғылыми, және т.б.); халықаралық дәрежедегі келіссөздер мен конференциялар тағы басқа әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу; сараптамалық-референттік және кеңес беру қызметі; редакторлық-баспа ісі қызметі; аударматану және мәдениетаралық коммуникация салалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы.

Шетел филологиясы

Орта және жоғары білім; шығыс философиясы саласында ғылыми-зерттеу қызметі (тіл білімі және әдебиеттану); БАҚ-та қызмет атқару; сараптама жасау және кеңес беру қызметі; редакторлық қызмет және баспа ісі; ұйымдастырушылық, басқарма және әкімшілік қызметі; аударма қызметі; көркем шығармашылық және сын.



PhD ДОКТОРАНТУРА

D055 – Шығыстану білім беру бағдарламалар тобы:

Шығыстану

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, шығыстану саласы бойынша ғылыми зерттеу жүргізу: тіл білімі, әдебиеттану, тарих этникалық мәдениет және мәдениеттану, сыртқы саясат, халықаралық қатынастар, мәдениетаралық қарым-қатынас.

D056 – Аударма ісі, синхронды аударма білім беру бағдарламалар тобы:

Аударма ісі

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру; аударматану, мәдениетаралық қарым-қатынас саласы бойынша ғылыми зерттеу жүргізу, көркем және өзге де аударма түрлерімен айналысу.

D059 – Шетел филологиясы білім беру бағдарламалар тобы:

Шетел филологиясы (шығыс тілдері)

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, шетел филологиясы саласы бойынша ғылыми зерттеу жұмысы: шығыс тіл білімі мен әдебиеттану, салыстырмалы-тарихи тіл білімі, компаративистика және көркем аударма.





ФАКУЛЬТЕТІМІЗ ЖАЙЛЫ ПІКІРЛЕР



Адам өміріне қарым-қатынас, қоршаған орта секілді факторлар қатты әсер етеді. Оны шығыс-тануға түскеннен кейін өзіме тағы бір дәлелдедім. Факультетім түрлі тілдер мен басқа елдің мәдениетін, менталитетін үйрететіндіктен, әр адамның дүние-танымы, көзқарасы әртүрлі. Әрқайсысына қарап өзіңе міндетті түрде бір жаңалық ашасың да жүресің, дамисың. Шығыстанудың басқа факультеттерге қарағанда ерекше екенін түсінесің.

Мырзағалиева Аида, 3 курс, студ. декан.



Шығыстану факультеті – талантты, дарынды студенттердің басын біріктіріп отырған мекен. Сыйластық пен шынайы достықтың мекені, Шығыстану факультеті - ғашықтардың мекені. Шығыстану факультеті – адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тұлғаның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беретін мекен. Сол себепті де, мен өзімнің Шығыстану факультетінде жүрген қазіргі өмірімді ең сәтті күндер және маңызды таңдау деп санаймын.

Қалекенова Жұпар, 3 курс, белсенді студент.



СТУДЕНТТІК ӨМІР

Факультетте Студенттік кеңес, Студенттік маслихат және студенттердің «Сұңқар» кәсіподақ ұйымы сияқты студенттердің өзін-өзі басқару ұйымдары қызмет көрсетеді. Басқа қалалардан келген студенттер жатақханамен қамтамасыз етіледі.



Шығыстың дәстүрлі желпуіш биі



Жатақханада өткен концерт



Гала концерт



Корей асханасы



Тұлғалармен кездесу



Жатақхана өмірі



СТУДЕНТТЕР ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕДЕ



Қытай, Бейжің



Кувейт елінде



Түркия, Стамбул



Корея, Сеул



Жапония, Цукуба



Түркия, Стамбул



Пакистан, Исламабад



Корея, Сеул



ФАКУЛЬТЕТ ЖАНЫНДАҒЫ «ШЫҒЫС ТІЛДЕРІ КУРСЫ»

Факультет оқытушылары мен шетелдік профессорлар Сіздерге шығыс тілін (жазбаша және ауызша) меңгеруге және халықаралық емтихандарды тапсыруға көмектеседі.

Төмендегі шығыс тілдері оқытылады:

Түрік тілі
Парсы тілі
Урду тілі
Хинди тілі



Араб тілі
Қытай тілі
Жапон тілі
Корей тілі

Курс соңында тілді меңгергендігі туралы сертификаттар табысталады.



Студенттермен серуен



Дәріс барысындағы дебат



ФАКУЛЬТЕТТІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАЛУЫ


Факультет жоғары сапалы мамандарды дайындауға қажетті барлық мүмкіншіліктермен қамтылған. Студенттер қызметіне оқытушы-профессор құрамының жоғары ғылыми және педагогикалық мүмкіндіктері, заманауи оқу-зертханалық және ғылыми-зерттеу аудиториялары, дамыған материалды-техникалық және компьютерлік жабдықтар ұсынылады.

Факультеттің ақпараттық-техникалық базасы жоғары деңгейде, дегенмен, факультет басшылығы әрдайым білім алушыларға ыңғайлы білім ортасын қалыптастыруда барлық шараларды қарастырып отырады.


Бізде қазіргі техникалық құралдармен жабдықталған 8 арнайы тілдік кабинет, 3 компьютер сыныбы, сондай-ақ Global-class, 3 лингафон кабинеті мен 2 мультимедиялық сынып, аудио-видео зал бар. Сонымен бірге барлық кафедралар мен тілдік оқу сыныптары компьютерлер, аудио және видео техника, проекторлар, ноутбуктар, қажетті оқу және көркем әдебиеттер, шығыс тілдеріндегі газет-журналдармен жабдықталған.

Факультеттің барлық кафедралары “Интернет” жүйесіне қосылған. Факультетте сыйымдылығы мол оқу залы және әл-Фараби атындағы конференц-залы бар.

Факультеттің кітапхана қоры 16 мыңнан аса кітапты құрайды.



Лингафон кабинеті



Әзірбайжан тарих және мәдениет орталығы



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТҮЙМАҚТАСТЫҚ

Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы



Түрксой кафедрасы



Қытайтану кафедрасы



Қиыр Шығыс кафедрасы

